



ШЕШІМ

20.04.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 169/24-VII

№

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2020 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 541/73-VI «Қазақстан» спорт сарайын
зияткерлік технологияларды пайдалана
отырып жаңғырту және кейіннен
пайдалану» мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік
міндеттемелерді қабылдау туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 163-бабы 2 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына, «Жергілікті атқарушы органдардың 2019-2021 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 23 мамырдағы №41 бұйрығына сәйкес және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі №112-1974 қаулысы, 2020 жылғы 4 қыркүйектегі №12 Нұр-Сұлтан қаласының бюджет комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 541/73-VI шешіміне (будан әрі - Шешім) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы «2021-2028» сандары «2022-2029» сандарымен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «2021» деген сандар «2022» деген сандармен ауыстырылсын;

Шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, осы шешімнің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**



Е. Каналимов

Нұр-Сұлтан қаласы маслихатының
2022 жылғы 20 сәуір
№ 169 /24-VII шешіміне
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы маслихатының
2020 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 541/73-VI шешіміне
қосымша

Жылдар бойынша мемлекеттік міндеттемелердің көлемі (2022-2029 жылдары)

тенге

P/c №	Атауы	Жылдар бойынша төлемдер								Барлығы, барлық кезеңде
		2022	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	
1.	Инвестициялық шығындарды өтеу		1 684 894 389	1 684 894 389	1 684 894 389	1 684 894 389	1 684 894 389	1 684 894 389	1 684 894 388	11 794 260 721
2.	Операциялық шығындарды өтеу		2 052 164 927	1 786 003 895	1 519 842 863	1 253 681 831	987 520 800	721 359 768	455 198 735	8 775 772 819
3.	Жобаны қоса қаржыландыру	4 990 519 346								4 990 519 346
	Барлығы	4 990 519 346	3 737 059 316	3 470 898 284	3 204 737 252	2 938 576 220	2 672 415 189	2 406 254 156	2 140 093 123	25 560 552 886